



**Ауелбеков Е.,  
Абилдаев М.,  
Бабажанов О.**

## **ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІНІҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІ - ШИ ТОҚУ ӨНЕРІ**

*В данной статье рассматриваются  
некоторые особенности искусства ши  
как особого вида казахского декоративно-  
прикладного искусства*

*This article deals with certain peculiarities  
of reed plaiting art as special type of  
decorative-applied art.*

Қазақ халқының асыл қазынасының бірі болып саналатын қолөнерінің шығу тарихы мен сан түрлі сәндік-қолданбалы өнер туындыларының жасалу жолдары туралы мәліметтер халқымыздың мақтанышы болған белгілі ғалымдарымыз Ә.Х.Марғұлан, М.С.Мұқанов, Х.Арғынбаев, Т.К.Басенов, Ө.Жәнібеков, С.Қасиманов, К.Әмірғазин, Ұ.Әбдіғаппарованың зерттеу еңбектерінде көп орын алған. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің ішінде ерекше көзге түсетін және өзіндік нақышқа толы түрі – бұл ши тоқу өнері.

Ши тоқу – бұрын және қазіргі кезде қазақ халқы мен Орта Азия халықтары арасында кең тараған сәндік-қолөнер түрі. Күнделікті тұрмыс пен шаруашылық қажеті үшін тоқылған шилер қазіргі күнге дейін кеңінен қолданылып та келеді. Оны киіз үйдің құрамдас бір бөлігі ретінде кереге сыртына тұтуға, сондай-ақ үй ішіндегі ыдыс-аяқ, ошақ басын қоршап қоюға, киіз үйдің есігіне тұтуға, әртүрлі үй шаруашылық мүддесіне, киіз басу жұмыстарына, жаюлы киіз-сырмақтың асты ылғал тартып бүлінбеуі үшін астына төсеуге, сонымен қатар құрт жаю, тары сүзуге т.б. кеңінен пайдаланылады.

Қазақ халқының қолөнері саласындағы ши тоқу, оған боялған түрлі-түсті жүн орап, өрнек-теп безендіру ісі - ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық өнер. Қолөнер ісінің басқа түріне қарағанда ши тоқу әлдеқайда арзанға түседі, әрі төзімді келеді, әсем болуымен қатар ши бұйымдары көшіп-қонуға, алып жүруге өте қолайлы. Сол себепті мал шаруашылығымен айналысатын елдер оны ерте заманнан бері пайдаланып келеді, қазір де кездестіруге болады. Тарихи жазба деректерге қарағанда қазақ арасында үйшілік, ұсталық, зергерлік, өрімшілік, көн-тері илеу, тігіншілік, етікшілік, тоқымашылық тағы басқа қолөнер кәсіптері дамыды.

Қазақ халқының бұрынғы және қазіргі сәндік қолданбалы өнерінің арасында тікелей, әрі табиғи байланыс бар. Көне өнер туындылары кәсіби суретшілердің шығармашылығында қайтадан талданып, сәндік өнердің жаңа түрлері, олардың әсемдік жағын жүзеге асыру қолға алынып отыр. Әсіресе, гобелен, кесте, ши, зергерлік бұйымдар жан-жақты даму үстінде. XIX ғасырдың аяғында қолөнердің осы түрлері әртүрлі ою-өрнектермен әшекейленсе, қазіргі таңда көбінесе әртүрлі сюжетті бейнелермен шебер байытылуда.

Әлкей Марғұлан өзінің тарихи зерттеулерінде шидің қола дәуірінен бастап тұрмыста пайдаланған жағдайларын терең қарастырып, оның



ауқымды түрде киіз үйдің ішкі және сыртқы жабдығы ретінде пайдаланғандығы туралы деректер беріп кеткен [1].

Ши тоқу өнерімен айналысатын әже-аналарымыз, қыз-келіндеріміз осы шиден тұрмыс-тіршілігіне қажетті көптеген бұйымдарды әдемі де көрнекті етіп өздері жасай білген. Ши бұйымын жалпы сырт көрінісіне қарай үш түрге бөледі: ақ ши, ораулы ши, шым ши. Қазақ арасында осы түрлерінің әрқайсысы орын-орныммен қолданылған. Ши тоқу үшін, қабығынан тазартылған шиден жуандығы мен ұзындығы біркелкі шилер таңдап алынады. Шеберлер өрнекті ши, шым ши, ораулы ши, ақ шилерді шикізаттарды тиімді пайдалана отырып тоқып, өз қажеттеріне жаратқан.

Ши тоқудағы ерекше орын алатын материал, шикізат – бұл жүн. Алуан түрлі ою-өрнектер, оюланып немесе сырылып жасалған текемет, сырмақ, кілем, алаша, шым ши т.б. сияқты жүннен жасалатын бұйымдардың сыртқы әсемдігі мен қолданылу өрісі бір-біріне сай келіп тұруы керек. Жүннің сапасы жоғары болса, шидің де сапасы ерекше болып шығады.

Сапалы да сұлу ши шығуы үшін жүнді өңдеуде бірнеше талаптар қою керектігі де белгілі: *жүн біркелкі, шебер ірілуі керек; жүн таза қырқылып, рет-ретімен дұрыс сұрыпталуы керек. Қой қырқатын жердің талапқа сай таза болып, жүнге қоқым араласпай, маусымдық қырқу дер кезінде өткізілуі керек; қойдың жабағы жүні көтеріліп қырқуға ыңғайлы келеді, арық малдың жүні керісінше, сабалалтанып өскін жүндері жетілмей, жабағы көтерілмей қалады* [2].

Қазақ халқының өрнекті өнерінің бірі ши - жүнмен орап және оны өрнектеп тоқу ісі. Ши тоқу өнері де басқа қолөнер түрлері сияқты, түрлі өрнектермен безендіру әдісі арқылы тоқылады. Әдемі өрнектермен өрнектеліп тоқылған шым шилер киіз үйдің керегесі мен туырлығының арасына ыдыс-аяқ тұрған жаққа тұтуға, үлкен үйлердің ішін бөлмелеп жасауға өте ыңғайлы болған. Кезінде батырлардың садақ оқтарын салып жүретін қорамсақ қаптары да шиден тоқылды.

Ши орау төзімділікті, шыдамдылықты талап етеді. Бұл қасиеттер біздің апа-әжелеріміздің бойынан табылып, көздің жауын алар әсем бұйымдар дайындалған, тоқылған шым шилер өте жоғары бағаланған және зиялы адамдар шеберлерге екі есе сый ақы төлеп, әсем бұйымдарды жасатып отырған. Ши ораудың әдісіне келсек, шеберлер өз талғамдарына сала отырып екі түрлі әдіспен шиді орап тоқыған: -даяр шидің өрнегіне сала отырып орау; -жана өрнек үлгісімен орау.

Шиді бірінші түрмен орау үшін оларды бір-бірімен тоқылған даяр шидің өрнегінің үстіне салып, дәл келтіріп, әртүсті оралған шидің буындарын санап отырып орайды. Осылай оралған шилерді араласып кетпес үшін өрнегіне сәйкес келтіріп, өз алдына бөлектеп шуда жіппен тізіп отырады. Ал, шиді жаңа өрнек суретімен тоқудың айтарлықтай өзгешелігі болады. Алдымен шиді орайтын үлгі жасалуы тиіс. Орайтын жіптердің түсі осы үлгідегі өрнектер суретіне сәйкес болуы керек. Шидің бір шеті жұқа, екінші жағы қалың болып кетпеуі үшін орайтын шидің түп жағымен шашақ жағын үнемі кезектестіріп, алмастырып отыру керек. Ши тоқитын жіпті екі қабаттап ширатып, бірнеше домалақ етіп дайындайды, бұл домалақтарды салмақты ету үшін темірге немесе тасқа орайды. Ши тоқу үшін ашасы бар екі ашаға көлденең ағаш қойып, арнайы жасалған қарапайым станок пайдаланылады. Станоктарды киіз үйдің ішіне немесе жабық бастырма астына орнатады. Ашаның үстіне қойылған арқалықтың биіктігі 120-130 см. тік тұрып тоқуға ыңғайлы болғаны абзал.

Станок дайын болған соң, тас салмаға оралған жіптерді арасын 10-15 см. етіп жалпы саны ши талының ұзындығына байланысты арқалыққа көлденең асады. Осыдан кейін жүнмен немесе жіппен оралған шиді жіп үстіне салып, салманы әрлі-берлі аяқастыру арқылы шалып бастырады. Осылай көлденең сырықтың үстіне салынған ши бастан аяқ тоқылғаннан кейін, екіншісі салынады, осы тәртіп ши тоқылып біткенше қайталанып отырады. Тоқылатын шидің екі шеті берік болу үшін, шидің басталатын жағымен аяқталатын жақ шетіне үш-төрт шиді қабаттап, әуелі өз алдына бір рет, ширатылған жүн жіпті аяқастыра үшбұрыштардың тізбегі сияқты етіп байланыстырады. Бұл жерді *шидің алақаны* деп атайды. Шиді байлауда қарақұсқа бекітілген бауды пайдаланады, оны *ши-бау* дейді. Тоқылып болған шидің бас аяғын тегістеп қырқады. Кейбір шеберлер осы қырқылған, шидің екі жақ шетін әдемі матамен көмкеріп тігеді. Өрнекті шилерді дайындағанда тапқырлығы мен шеберлігі және математикалық ойлау қабілеті бар шеберлер дайындаған. Өрнектеліп тоқылған шым шилер, өзінің әсем өрнектерімен ерекшеленеді [3.115].

Мектепте еңбекке баулу сабағында қыз балаларға қолөнердің әртүрін үйрету барысында, жаңалықтар енгізіп, көркемдеу туралы мәліметтер бере отырып, Қазақстан жері өте кең болғандықтан, қолөнер түрлерінің қайсысында болсын белгілі бір дәрежеде жергілікті ерекшеліктер де болатындығын атап өткен жөн. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы қолөнері – барынша дамыған, бағалы, әрі мол мұра.



Оқушылар үшін оның танымдық әрі тәрбиелік мәні зор. Сол себепті халықтың эстетикалық талғамын қалыптастыруда игі әсер еткен осы мұрамен танысу, оны кәдеге жарата білу, жас ұрпақ үшін теориялық әрі практикалық жағынан өте тиімді.

Оқушының қабілетін арттыру, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау оқу – тәрбие ісінде жақсы нәтиже береді. Базалық мазмұнды байыта отырып, тағы да білім алуға әлеуеті жететін оқушылар үшін арнайы сәндік-қолданбалы өнерден, әсіресе ши тоқу бойынша *үйірме жұмысын* ұйымдастыруға болады. Мұнда оқушылар халық өнерін оқып, шығармашылықпен айналасуда өз ойларынан белгілі-бір тақырыптарға жобалық нобай жасауға үйренеді. Мұндай жұмыс оқушының психологиясын жайлап өзгертеді. Жобалық нобай жасау барысында оқушының шығармашылығы артады, әрі ойлау қабілеті дамиды. Бұл жерде бейнелеу өнерінің математика, еңбек, музыка т.б. пәндерімен тығыз байланыста болатындығын есте ұстаған жөн.

Сәндік-қолданбалы өнер, оның ішінде ши тоқу өнері тек қана ою-өрнектерді пайдалану формасы ғана емес, ол - математикалық ойдың, есептің, бұрыштар өлшемін жан-жақты ойландыратын тәрбие құралы екендігін оқушылар санасына жеткізу – ши тоқу үйірмесінің де басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. Қолөнер үйірмесінде оқушылар сабақта алған білімдерін шындай отырып, еңбек үстінде туған ойларын, ізденісін, ұқыптылығын, үнемділігін т.б. өнерлік қасиеттерін жетілдіре алады. Ұлттық мәдениетке негізделген қазақ мектебінің қазіргі таңдағы көкейкесті мәселесі - оқушылардың көркемдік білім алуын арттыру, рухани деңгейін дамыту, шығармашылық ізденімпаздықтарын тәрбиелеу болып отыр. Яғни, ши тоқудан үйірме жұмысын ұйымдастыру да оқушының танымдылығын арттырып, шындықты әсерлі қабылдауға, әсемдік пен шығармашылыққа баулуға жол ашады.

Ши тоқуда пайдаланылатын жүнді өңдеу технологиясы бойынша негізгі жасалатын жұмыстарды есте сақтаған жөн. Ол үшін қыркылған қойдың жүнін (ши тоқуға негізінен қойдың жүні қолданылады) тазартып, жуып кептіреді. Ши тоқушы әрқашан өзіне ұнайтын түрлі-түсті бояуларды пайдаланып жүнді бояп алады. Халық шеберлері күнделікті тұрмыс тәжірибесінде бояу ретінде ашудас, қыша, шөптің тамырларын пайдаланған. Ал қазір химиялық жолмен дайындалған бояуларды пайдаланады.

Енді жүн бояйтын бояулардың дайындалуына біраз назар аударсақ, себебі оның да ши келбетін келтіруге тікелей ықпалы бар.

Бояуды жарты литр ыдысқа салып, үстіне ыстық су құйып әбден араластырады. Бояуы қанық болуы үшін 0,5 кг жүн немесе жіпке 1,5-2 шай қасық бояу салынады. Ал түсін өзгерту үшін шай қасықтың жартысындай бояу жеткілікті болып есептеледі. Бояуы бар судың көлемі ши тоқуға қажетті боялатын жүн немесе жіптің көлемінен 20 есе көп болғаны жөн. Мысалы: 500 гр жүн немесе жіп бояу үшін 10 литр су қажет т.с.с.

Ши тоқуға қолданылатын жүнді бояуда суды 30-40<sup>0</sup>С дейін ысытып, оған 2-3 қасық тұз араластырып дайын бояуды құю керек. Резинка қолғап киіп, жүн немесе жіпті бірден қазандағы суға салып жіберіп, оны ағаш қасықпен араластырады. Қазан қатты қайнағаннан кейін, отын азайтып, 2 минут қайнатады. Жүннің бояу алғандығын тексере отырып, сірке суын құйып араластырып, отын сөндіріп, су суығанша сол ыдыста қалдырады. Суы суығаннан кейін жүнді немесе жіпті алып сірке суы қосылған жылы суға шайқап алып, керілген жіпке жайып кептіреді.

Ши тоқуға арналған жүнді өңдеуде *жүнді сабау* ерекше рөл ойнайды. Ол үшін қолданылатын заттарға *сабау таяқшалары және тулақ* жатады. Сабау таяқшасын жыңғылдың жас шыбығынан жасайды, қабығын аршып, таяқшаны тегістеп жүн сабауға қолданылады. Тулақ – бұл мал терісінен иленіп жасалған, жүн сабауға арналған төсеніш. Жүн сабайтын орын кең, күн көзі түсіп тұратын аула іші болуы керек. Сабалатын жүн 2-3 сағат күн көзінде жатып көбуі керек.

Сабайтын жүнді сапасына қарап рет-ретімен сабайды. Жүннің сапасына қарай сабау белгілі-бір уақытқа созылады. Жүн үлбіреп көпсігенше сабайды. Сабаудан соң жүнді іріктеп тазалап, тарақтармен тарап немесе қолмен түтіп түрі мен түсі бойынша жеке-жеке дайындайды. Дайын болған жүнді ши тоқуға немесе қолөнердің қай саласына болса да қолдана беруге болады [4].

Мысалы, ши тоқу бойынша үйірме жұмыстарының алғашқы сабағының мазмұнына тоқталып өтейік. Сабақ барысындағы алғашқы кезеңдерде мұғалім оқушыларға ши туралы және онымен қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдері туралы түсініктеме береді. Оқушыларға шидің ұзын шыбықтарын таратып, шидің жерден өсер жағы үлкен әрі жуан, бас жағы жіңішке екендігін көрсетеді. Қабығы аршылмаған бірнеше шиді алып аршып көрсетіп, шимен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік ережелерін нақтылай көрсетіп түсіндіреді. Оқушылардың шиді қолына алып, жан-жағына сілтеу, бір-біріне лақтыру т.б. іс-әрекеттердің



дұрыс еместігі түсіндіріледі. Жұмыс кезінде оқушының жұмыс орнындағы тәртіп пен тазалығы туралы талаптарды орындау қатан ескертіледі.

Сондай-ақ, ши тоқу үшін қажетті құралдар көрсетіледі. Яғни, ши тоқитын қондырғылар, тоқуға дайындалған ши бумасы, түрлі-түсті жіптер, қайшы, сызғыш, пышақ т.б.

Ши өнеріндегі оның түрлеріне сипаттамалар беріледі. Шым ши мен ақ шидің айырмашылығы түсіндіріледі. Ши тоқу оқушылар үшін күрделі жұмыс үрдісі болғандықтан, кешенді жұмыс тәсілдері игеріледі. Мысалы, жалпы ши тоқуға ортақ жұмыс түрлерінен: шиді дайындау, шиді аршу, қондырғыны дайындау сияқты жұмыс түрлеріне қосымша шилерге салынатын өрнек түріне қарай бояулардың түрін таңдау, үлгінің өрнек түстеріне қарап, қажетті түске боялған жүнмен шидің шеткі бауын ширатып есу сияқты жұмыс тізбектері оқушылардың мүмкіндіктері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Мұғалім оқушыларға ши тоқу жұмысының реттерін үйретуді оған дайындық жұмыстарынан бастатады. Ол жұмыстардың реттері: 1) оқушылар шидің керекті мөлшерде қабығын аришип-тазалап, бір өлшемдік ұзындықта қырқады; 2) шидің ұзын бойына қанша жіп түсетіндігін анықтап, оның керекті ұзындығының екі ұшынан салмақ таспа шумақтат орап алады. Шиді тоқитын жіптің саны қанша болса, салмақ тастың саны одан екі есе көп болады; 3) әрбір партаға, екі оқушыға бір қондырғыдан беріледі.

Дайындық жұмысы біткеннен кейін, мұғалім оқушыларға ши тоқу тәсілін үйретеді. Оқушыларға ши тоқу кәсібін баулу «ақ ши» тоқудағы қарапайым тәсілдерді үйрету арқылы жүргізіледі т.с.с.

Міне, осындай ерекшеліктерді айқындай отырып оқушыларды қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің ерекше түрі – ши тоқу өнеріне үйірме жұмыстарында кеңірек баулуға мүмкіндіктер мол. Оқушыларға ши тоқу өнерін үйретуде олардың көңіл-күйлері мен ынта-ықыластарының жоғары болуы негізгі орын алатындығын ұмытпаған жөн. Өнерге үйренудің барлығы көп еңбекті, қажырлылықты, талмай тер төгуді қажет етеді, ал бұның барлығы оқушылардағы қызығушылықтың болуын талап етеді. Яғни, үйірме сабақтарында жоспарлы түрде қазақтың әсем музыкасы, әндері мен күйлері көбірек пайдаланылуы керек. Сонымен қатар, көруге, тамашалауға, сүйсінуге арналған иллюстрациялық материалдар, слайдтар, репродукциялар кеңінен қолданылғаны оқушылардың қазақтың ұлттық қолөнері туралы танымын ұлғайтып, жалпы өнерге деген құлшыныстарын арттырады.

Оқушылардың ұлттық қолданбалы өнерге, ши тоқу өнеріне деген қызығушылығын арттыру, бейнелік ой-өрісін дамыту, бейнелеу өнеріне деген бейімділігін айқындауда келешек мамандардың дербес жұмыс жасауына тікелей әсер ету арқылы мынадай міндеттерді шешуді көздеген дұрыс: ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру; қоршаған ортадағы сұлулықты шынайы қабылдау; жас мамандардың өнерді жүйелі қабылдаудағы көру, сезіну, түсіну қабілеттерін дамыту; белгілі ұлттық өнер шеберлерінің мұралары мен кәсіби маман суретшілердің құнды еңбектерін жоғары дәрежеде бағалай білу; ұлттық мазмұнда орындалған тәлтума көркем туындыларға, әсіресе ши өнеріне айрықша көңіл бөлу, оны насихаттау; ұлттық бейнелеу өнеріндегі сәндік-қолданбалы өнерді игеруге, оны жас буынның ұлттық мәдениетін, дүниетанымын дамытуға кеңінен пайдалану.

Өнер – бұлақ, білім – шырақ деп дана халқымыз айтпақшы, келешек ұрпақты қазақтың сәндік-қолданбалы өнеріне баулу, оның ішінде ши өнерін үйренуге машықтандыру мектеп қабырғасындағы бейнелеу өнері үйірмелерінде жүзеге асырылғаны абзал. Осы жерде халқымыздың ардақты перзенті Мұхтар Әуезовтің: «Көркем өнер біздің ішкі дүниемізге, жан дүниемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді» [5.299], - деген ойлы сөздері оқушы-жастардың бойындағы небір асыл қасиеттердің де өнер арқылы тәрбиеленетіндігін дәлелдейді.

Осыған сәйкес, қазақ бейнелеу өнерінің, сәндік-қолданбалы өнерінің тарихи даму жолдарын жан-жақты меңгеруде жастардың ұлттық сана-сезіміне ықпал ету, ұлттық өнер мұраларын терең оқуға үйрету сияқты ауқымды міндеттерді де шешу қажет. Яғни, қазақ ұлтының сәндік-қолданбалы өнерінің, оның ішінде ши тоқу өнерінің дамытушылық мәнін ашу – басты мақсатымыз болуы тиіс.

#### Әдебиеттер:

1. Маргулан А. Казахское прикладное искусство. – Алма-Ата, 1989.
2. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1995.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1987.
4. Тәжімұқанов А. Шебердің қолы ортақ. – Алматы, 1977.
5. Тәрбие хрестоматиясы. - А.: “Ғылым” ғылыми баспа орталығы, 2001.